

050016, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Жетісу ауданы
Райымбек даңғ., 211 үй, № 1 кеңсе
Тел: 8(747)5754000
8(747)3754000

050016, Республика Казахстан,
г. Алматы, Жетысуский район,
пр. Райымбека, дом 211, кабинет№ 1
Тел: 8(747)5754000,
8(747)3754000

Қазақстаннан алыс шетелдерге сәлемдемелер жіберу бойынша НҰСҚАУЛЫҚ

Коммерциялық жөнелтілімдерді жіберуге тыйым салынады. Егер кедендік қызметтер жөнелтілімнің ішіндегісін коммерциялық деп таныса, ол кідірілуі, қосымша төлемдер салынуы, жіберушіге қайтарылуы, тәркіленуі және т.б. шаралар қолданылуы мүмкін.

Әрбір халықаралық пошта жөнелтілімі (ХПЖ) бойынша Жіберуші өз бетінше Инвойс (INVOICE) толтырып, онда жөнелтілімнің толық сипаттамасын, оның нақты құнын, жіберуші мен алушының толық деректерін көрсетуі керек.

Халықаралық пошта жөнелтілімдерінің ішіндегісі тексеруге жіберіледі. Жөнелтілімді қабылдайтын «Expert Logistic Kazakhstan» ЖШС қызметкері (курьер, менеджер) жөнелтілім ішіндегісінің жіберуші көрсеткен кедендік декларациядағы сипаттамасына сәйкестігін тексереді. Жіберушінің қатысуымен сәлемдеме мөрленіп (жабысқақ таспамен желімделеді), таразыға тартылады.

Қорап ішіндегі заттар тасымалдау барысында қозғалмауы үшін тығыз орналастырылуы немесе толтырғыш материалдармен (көпіршікті үлдір, қағаз, мата және т.б.) толтырылуы керек. Бірнеше қорапты бір-біріне бекітуге болмайды.

Халықаралық пошта жөнелтілімдері CN23 нысанды декларацияда көрсетілген сомаға қосымша ақы ретінде 1% мөлшерінде (клиенттің қалауына қарай) сақтандырылуы мүмкін. Егер сақтандырудан бас тартылса және кейіннен халықаралық пошта жөнелтілімі жоғалған жағдайда, Жіберушіге тек сәлемдеменің жарияланған құны ғана өтеледі.

Қаптамасы жеткілікті сақтауды қамтамасыз етпейтін халықаралық пошта жөнелтіліміне салынған заттардың зақымдануына пошта байланысы операторы жауап бермейді.

Халықаралық пошта жөнелтілімі қызметтік тәртіп бойынша (кеден органдары тарапынан) ашылуы мүмкін. Егер жөнелтілімнің ішіндегі зат сипаттамаға сәйкес келмесе, құны артық көрсетілсе, тасымалдауға тыйым салынған заттар анықталса немесе коммерциялық партия ретінде танылса және т.б., кеден органдары сәлемдемені ұстап қалуы, тәркілеуі және/немесе баж салығын немесе басқа алымдарды салуы мүмкін. Кеден қызметтері жөнелтілім бойынша кедендік төлемдерді төлеу қажеттігі туралы Алушыға хабарлама жібереді.

Жеткізу қызметтеріне төлемді тек жіберуші жасайды.

Еуропа елдеріне, АҚШ, Канадаға жіберілетін жеке сәлемдемелер құны рұқсат етілген лимиттен аспаған жағдайда (бұл ақпарат кедендік қызметтерден алынады, әр елдің кедендік төлем мөлшерлемесі мен баж салығы әртүрлі) 0%-дық мөлшерлеме бойынша рәсімделеді. Егер бір адамға екі сәлемдеме жіберіліп, олардың жалпы құны рұқсат етілген лимиттен асып кетсе – кеден барлық сәлемдемелердің бағалау құнынан белгілі бір мөлшерде баж салығын есептейді (12-25%). Егер кедендік бақылау барысында рұқсат етілген құнның асып кеткені анықталып, жөнелтілімді кедендік рәсімдеу қажет болса, бұл

туралы жіберушіге мүмкіндігінше тез арада хабарлаймыз. Кедендік алым құны алушы мемлекеттің кеден бажының мөлшеріне тәуелді болады және алудан бас тартқанның өзінде, кедендік жою процедурасы үшін алушы төлем жасайды.

«Expert Logistic Kazakhstan» ЖШС жеке тұлғалар арасындағы (сыйлықтар, жеке заттар және т.б.) коммерциялық емес сипаттағы сәлемдемелерді тасымалдауды қамтамасыз етеді.

Сыртқы қаптамасы полиэтилен немесе стрейч-үлдір болатын жөнелтілімдерді қабылдауға тыйым салынады. Еуропа елдеріне экспорттық жөнелтілімдер міндетті түрде қорапқа немесе гофр картонға салынып, тасымалдау кезінде ашылып не тарқатылып кетпеуі үшін скотчпен бекітілуі тиіс, бұл ретте сыртқы қаптаманың кемінде 60%-ы ашық картон болуы керек.

Еуропада жеткізу қызметі алушымен электрондық пошта арқылы хат жазу, телефон нөміріне қоңырау шалу не хабарлама жіберу, немесе алушының пошта жәшігіне хабарлама қалдыру арқылы байланысады. Егер Алушы хабарламаға жауап бермесе және/немесе жеткізу дұрыс емес пошта декларациясы деректеріне байланысты жүзеге аспаса, жеткізу қызметі тауарды қоймаға қайтарады. Кейіннен сәлемдеме Қазақстанға жіберушіге қайтарылуы мүмкін, сонымен қоса деректемелерін нақтылап, қайта жеткізу (қайта жеткізу бөлек тарифтермен есептеледі және оны алушы төлейді) немесе қоймада кәдеге жаратылуы мүмкін.

Сәлемдеменің декларацияда көрсетілген құнға сәйкессіздігі және/немесе коммерциялық партия (жөнелтілімде 2 немесе одан да көп бірдей заттардың болуы) және/немесе сәлемдемеде тасымалдауға тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, кеден қызметкерлері сәлемдемені тәркілеп, Қазақстанға кері қайтарып, кедендік төлемдерді есептей алады және т.б. Кеден қызметтері Жіберушіден немесе Алушыдан жөнелтілім ішіндегісі мен құны туралы қосымша ақпаратты сұратуы мүмкін. Сәлемдеменің ішіндегісі туралы Декларацияда көрсетілген жалған ақпаратқа байланысты туындаған кідірістерге байланысты шағым-талаптар қарастырылмайды. Бір жіберушіден және/немесе бір алушыға бірнеше сәлемдемелер рәсімделген жағдайда, кеден қызметтері мұндай сәлемдемелердің құнын қоса есептеп, өз қалауы бойынша әрекет етеді.

Алушының деректерін толық әрі нақты толтыру өте маңызды.

Жіберушінің Аты-жөні _____, жоғарыда айтылғандармен таныстым және келісемін.

Күні _____

Қолы _____